

"Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 5 мамырдағы № 61-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 157-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 11-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2012.12.30 № 11-ө Өкімімен.

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 5 мамырдағы № 61-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары, Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір мүшелері арасында міндеттерді бөлу туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары, Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір мүшелері арасында міндеттерді б ө л у б е к і т і л с і н . » ;

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы арасында м і н д е т т е р д і б ө л у д е :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары, Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір мүшелері арасында міндеттерді бөлу»;

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімов» деген б ө л і м д е :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Экономикалық, қаржы, фискалдық, өңірлік және инвестициялық, кеден

саясатының, мемлекеттік бюджеттің стратегиялық мәселелері.»;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешен мәселелері.»;

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е. Шөкеев» деген бөлім алып тасталсын;

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешев» деген бөлімде: мынадай мазмұндағы бірінші абзацпен толықтырылсын:

«Экономиканы жедел басқару мәселелері.»;

мынадай мазмұндағы алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

«Өндірістік инфрақұрылымды дамыту және Көлік стратегиясын іске асыру мәселелері .

Жер және су қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану, ғарыш қызметі мәселелері.

Құрылысты дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мәселелері .

Төтенше жағдайлар және жұмылдыру жұмысы мәселелері.»;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Экономикалық интеграция істері министрі Ж.С. Айтжанова

Сауда және тарифтік саясат, бәсекелестік, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі, ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қарым-қатынастар мәселелері.

Еуразия экономикалық қоғамдастығы (ЕурАзЭҚ) шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелері .

Кеден одағы (Қазақстан Республикасы - Ресей Федерациясы - Беларусь Республикасы) шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелері.».

Премьер-Министр

К. Мәсімов